

№ 11 «Балапан» бобекжай - балабақшасы



Бекітеш:

№ 11 «Балапан» бобекжай-балабақшасы

КМКК-пен мемлекеттік:

С. Муханова


[Signature]

«Бестемше» үйірмесі



Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Жекенов М.

2023-2024 оку жылы



Үйірме маңсағаты:

Бестемше ойыны ,арқылы балалардың бойындағы сабырлылықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік касиеттерін қалыптастыру.

Tүсінік хат

Әлемнің тұқпір-тұқпірінде адамзаттың қолымен, ақыл-оыймен жасалған зияткерлік ойындар мындалап саналады. Бұғінгі таңда дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды ие болып отыр. Өйткені, жеке тұлғаның біліктілік касиеттері осындай ойындар арқылы шындала түседі. Зияткерлік ойындар да – ой шыгармашылығын дамытатын спорт түрі.

Балабакшада бұлдіршіндерді тәрбиелеу үшін казактың ұлттық ойындарын кеңінен пайдалану керек. Әсіреле ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындардың балдыргандарға үйретіп, бойына сінірудің мән-маңызы ерекше. Өйткені баланың ойы, сезімі, киялы ойын арқылы өседі. Әлемдік мәдениеттің озық ұлгілері мен бой тәсестіре алатын рухани ойын, кисындық ойлау өнері.

Бұл оку құралдың басты қасиеті – бала санасын жетілдіруге, ақыл-оыйн кемелдендіруге ерекше күш салады. Қазак халқының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан. Демек, тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне ойындардың қосар үлесі үлкен.

Ойнамайтын бала жок. Ойынға қызықпайтын адам жок. Көніл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жок. Үлкен де, кіші де ойнап көніл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Ал қызығу, куану, қанағаттану - өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Ойын-сауыкка үлкен-кішінің бәрі де ауес.

Бестемше ойыны зияткерлік ойынға жатады. Ал зияткерлік ойын дегеніміз адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын спорт түрі. Бестемше ойынның тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. Ата-бабамыздан аманат етіп калдырылған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біздер үшін өте зор.

Бұл ойын ұмытылған ойындардың бірі. Бестемше ойынын дамытуға себеп болған тағы бір жайт, балалардың бойындағы сабырлылықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік касиеттерін қалыптастыру екені анық. Бұл касиеттер дамыған елдер қатарына қосылам деген әр азаматтың бойынан табылу керек.

Бұл әдістемелік құралда ойынның шығу тарихы, қагидасы мен заңдылықтары, әр такырыпка арналған сабак жоспарлары мазмұнымен берілген. Арнайы бестемше сөздігі мен қосымша жарыс өткізу ережелері де енгізілген.

Оку құралы балабакша дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне, қосымша білім алатын педагогтарға, бестемше жаттықтырушыларына арналған көмекші құрал ретінде ұсынылады



2023-2024 оқу жылы
«Бестемше» үйірмесінің кестесі

Отілетін күні	Дүйсенбі	Сейсенбі Мектепалды «Құлыншақ»	Сәрсенбі Ересек топ «Қарлығаш»	Бейсенбі Ересек топ «Құлагер»	Жұма Ересек «Балбек»
Уақыты:	-----	16-00 16-30	16-00 16-30	16-00 16-30	16-00 16-30

«Бестемше» үйірмесінің жоспары

Айлар	сағат	Такырыбы	Мақсаты
Қыркүйек	1-2	Бестемше ойынның шығу тарихы	Ойынга деген қызығулышықтарын арттыру
	3-4	Бестемше ойынның кұралдары	Ойын туралы түсінік беру
Қазан	5-6	Бестемше ойынның ережелері	Ойынның тақтасымен таныстыру
	7-8	Ойынның негізгі анықтамалары мен ұғымдары	Тас, отау, қазан, бастаушы, костаушы, жабық отау, ашық отау деген сөздерге ұғым беру
Қараша	9-10	Қауіпсіздік ережесі	Қауіпсіздік ережесімен таныстыру
	11-12	Бестемше ойынның ерекшіліктері	Ойынның ерекшіліктерін Түсіндеру
Желтоқсан	13-14	Бестемше тастаның отауларға салуды үйрету	Отаулардағы тастанды салуға үйрету
	15-16	Атсырау ережесі	Атсырауға түспейтін жол іздеу
Қаңтар	17-18	Бестемше ойынның жүріс санын есептеу жолдары	Есептеу жолдарын үйрету
	19-20	Ойын тактикасы	Балаларды көп тастандан бес тасты санап алуға үйрету
Ақпан	21-22	Комбинация күру	Балаларға ойын әдісін үйрету
	23-24	Ойын қағидасы және жүріс санын есептеудің ерекшіліктері	Балаларды ережемен таныстыру
Наурыз	25-26	Жүріс дәлдігі	Логикалық ойлау шеберліктерін шындау
	27-28	Жүрістерді көрсету жолдары	Тастан ұту
Сәуір	29-30	Ойынды жазып үйрету тәртібі	Ойынды жазу үлгісі.
	31-32	Этюд күру. Ойынның ортасы.	Этюд күру.
Мамыр	33-34	Ойынның соны	Ойынның соңын корытындылау
	35-36	Жарыс ережесі	Балаларды ойнатып көру, қызығушылықтарын арттыру